Үлкендер жолы – ұлық!

# АЛАТАУ Ардагері

ardager@mail.ru | Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті | №6(6) 1 желтоқсан 2023 жыл

Келелі бас қосу

# АРДАГЕРЛЕР - ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

**Жақында Алматы облыстық ардагерлер ұйымының президиум отырысы болып өтті. Бұл отырыста Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың үстіміздегі жылдың қыркүйек айындағы Қазақстан халқына арнаған Жолдауын жүзеге асырудағы ардагерлердің міндеттері жөніндегі Қостанай облысында өткен Республикалық ардагерлер бірлестігі қоғамының көшпелі кеңесіндегі негізгі мәселелер туралы Алматы облыстық ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары Ілияс Сейтбекұлы Сүгіров баяндама жасады.**

Қостанай облысында өткен Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» Жолдауын жүзеге асырудағы ардагерлердің міндеттері туралы республикалық көшпелі-кеңесінде, Қазақстанның Еңбек Ері, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Ардагерлер ұйымы» РҚБ Орталық кеңесінің төрағасы Б.Ізмұхамбетов баяндама жасады, - деп бастады өз сөзін Ілияс Сейтбекұлы.-Бақтықожа Салахадинұлы баяндамасында ел Президентінің Жолдауына қысқаша тоқталып, республика ардагерлеріне төмендегідей міндеттерді қойды:



1.Әділетті қоғам құру үшін Мемлекет басшысының бастамаларына қолдау көрсетіп, белсене араласу.

Президентіміздің бастамаларын жұртшылыққа түсінікті жеткізе алатын, жалпы әлемдегі ахуалдан хабары мол, елге беделді, айтары бар ардагерлерден мобильді топтар құру.

2.Жастар тәрбиесіне ықпал ететін шараларға ерекше көңіл бөлу.

3.Ұлттық дәстүрімізді, мәдени-рухани құндылықтарымызды дәріптейтін шараларға көбірек атсалысу. Жастардың бойында патриоттық сезімді оятатын, рухани дүниелерді көптеп насихаттау.

4.Дін мен дәстүрге қатысты шараларға, ұлттық құндылықтарды қадірлеуге қатысты шараларға мән беру. Өздеріңіз байқап отырғандарыңыздай, біздер алдағы уақытта маңызды жұмыстарды жүзеге асыруымыз қажет. Ол үшін облыс ардагерлері бар күш-мүмкіндігін жұмылдырады деген сенімдемін.

Алматы облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Сапарұлы Тұрымбетов аудандардағы ардагерлер ұйымы жанынан «Алатау жастары» топтарын құрып, олардың жұмысын ұйымдастыру жөнінде сөз сөйледі.

- Өздеріңіз хабардар болғандарыңыздай «Ардагерлер ұйымы» республикалық бірлестік төрағасы, ҚР Парламенті Мәжілісінің төрағасы Б.Ізмұхамбетов біздің алдымызға үлкен міндеттер қойып отыр,-деді өз сөзінде Ерболат Сапарұлы.- Мұның өзі біздерге деген үлкен жауапкершілікті жүктейді. Ендігі жерде Президент Жолдауын халыққа кеңінен наксихаттау мақсатында мобильдік топтарды құру қажет. Бүгінде бұл бағытта нақты жұмыстар жүргізілуде. Жастар тәрбиесі де бізде күн тәртібінен түскен емес. Оның жарқын мысалы Қарасай ауданында өткен «Атадан қалған асыл сөз» атты конференцияда байқалды. Конференцияда облыстық ардагерлер ұйымы жанынан «Алатау жастары» қоғамдық ұйымының тұсауы кесілген болатын. Ол ұйымға Алматы облысының түрлі саладағы белсенді жастары мүше болып кірді. Жастардың бойында патриоттық сана-сезімді жандандырып, олардың қоғамдағы белсенділігін арттырып, кәсіпкерлікпен айналысатын және өнерлі, спортшы жастарды қолдау мақсатында құрылған ұйымға ардагерлер тарапынан жан-жақты көмек қажет болады. Аға ұрпақ өкілі жастарға үлгі-өнеге мен жол көрсетіп, бағыт-бағдар беріп отырады. Жалаң сөзбен ғана емес, нақты ісіміз, үлгі-өнегеміз, өмірлік тәжірибеміз арқылы жастарды еңбекқорлыққа, отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, имандылыққа тәрбиелеу, олардың бойларына ұлттық құндылықтарымызды тереңінен сіңіру-біздің басты міндетіміз. Өйткені жастар біздің атқарған жұмысымызға қарап ой түзейді, бой түзейді.



Жастардың қоғамдық ұйымы алқасының тізімі баспасөзде жарияланды. Қазіргі уақытта ұйым жұмысының ережесі дайындалып жатыр. Осыған орай әрбір ауданда және Қонаев қаласында «Алатау жастары» ұйымының топтарын немесе филиалын құру қажет. Баршаңызға белгілі облыста және аудандарда жастардың резервтік орталықтары жұмыс істейді. Алайда, қазіргі уақытта облыста Жастар басқармасы құрылуда. Сіздер аудандағы жастар орталығымен бірлесе отырып, топ құрсаңыздар бұдан еш ұтылмайсыздар. Біз қайткенде де жастарды қоғамдық жұмыстарға көбірек тартып, олардың белсенділігін арттыруымыз қажет.

Бұдан соң облыстық ардагерлер ұйымының жауапты хатшысы М.Беласарова аудандар мен Қонаев қаласында жылдық қорытынды жиналыстарды өткізу тәртібіне тоқталды. Мая Масхұтқызы аудандық және қалалық ардагерлер ұйымдарының есепті жиналыстарын өткізгендігі және мемлекеттік мекемелер, түрлі қоғамдық ұйымдар өткізген мәдени-бұқаралық іс шараларға белсене қатысқандығы жөніндегі мәлеметтерді дер кезінде облыстық ардагерлер ұйымына беріп отыруы жөнінде өз ұсынысын айтты. Сол сияқты президиум отырысында Б. Бірбаев, Б.Меңдіқұлов, С.Досымбеков, Ә.Исаев, А.Беспаев, М.Бекбосынов сынды ардагерлер сөз сөйлеп, жастар тәрбиесі, ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрлерді дәріптеу, дінді құрметтеу жөнінде пікір таластырып, өз ойларын ортаға салды.

Президиум отырысын қорытындылаған облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Сапарұлы Тұрымбетов арнайы дайындалған «Алматы облысының Құрметті ардагері» төсбелгісін көрсетіп, ондай марапатқа кімдердің лайық екедігін айтты. Ардагерлердің патриоттық тәрбиенің қайнар көзі болып, аға ұрпақ өкілінің ақыл-кеңестері мен өмірлік тәжірибесінің әрдайым үлкен маңызға ие екендігіне баса мән берді. Ерболат Сапарұлы сондай-ақ «Алатау ардагері» газетіне жазылу барысына кеңінен тоқталды.

**Р. АЙДАРБЕКОВА.**

Аудандық ардагерлер ұйымдарында

# ӘКЕ-ОТБАСЫНЫҢ ТІРЕГІ



**23 қараша күні Кеген ауданындағы Түйық ауылдық округінде «Әкенің қамқорлығы таудан биік» атты әкелер форумы болып өтті. Форумға аудан әкімі Н.Теңізбаев қатысып, сөз сөйледі.**

Аудан әкімі әкенің отбасындағы, қоғамдағы атқаратын рөліне кеңінен тоқталды. -Отбасында әкенің орны айрықша,-деп бастады өзінің сөзін аудан әкімі.-Өйткені, әке-сол шаңырақтың бар ауыртпалығын көтеретін, бала-шағаны асырайтын, оларға жақсы тәлім-тәрбие беруге міндетті адам. Әке-асқар тау. Әке қамқорлығы дегеніміз-отбасы мүшелерін әртүрлі бәле-жаладан қорғап отыратын қасиетті ұғым. Сондықтан әкені сыйлау, оған үлкен құрметпен қарау баланың басты парызы болмақ.

Бұдан соң Кеген аудандық мәслихатының төрағасы Нұрман Алмасбек «Әкенің қамқорлығы таудан биік» атты баяндама жасады. Форумда аудандық әкелер кеңесі құрылып, оның төрағасы сайланды.

Әкелер форумында арнайы көрме ұйымдастырылып, соңынан ауыл көркемөнерпаздарының күшімен қойылған концерт тамашаланды.

Иә, қазақ даласында ертеден ер балаларды бітімгерлікке, шешендікке, ерлікке, батырлыққа баулитын әкелер мектебі болған. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген мақал содан қалса керек.

**Өз тілшімізден.**
Кеген ауданы

**Жақында Еңбекшіқазақ ауданындағы Есік қаласы ардагерлер ұйымының төрағасы Серік Сыпатаев пен ақын, жазушы Шаяхмет Құсайынұлы Балтабай ауылының тұрғындарымен кездесу өткізді.**

# МАЗМҰНДЫ КЕЗДЕСУ

Кешті Балтабай ауылдық округінің әкімі Сәуле Әліпбекова жүргізді. Серік Сыпатаев аға ұрпақ өкілі мен жастар арасындағы сабақтастық, әке мен ананың қоғамдағы орны, оқушылар мен ұстаздар және ата-аналар арасындағы өзара байланыс туралы ой қозғады. Ардагерлердің мектеп оқушыларымен жиі кездесу өткізіп, өскелең ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтары, қазақтың салт-дәстүрін сіңіру, оларды имандылыққа, ибалылыққа тәрбиелеу жөнінде мазмұнды іс-шаралар өткізудің қажеттігін айтты. Оқушылар тарапынан Серік Сыпатаевқа әр түрлі сұрақтар қойылып, оған тұщымды жауап алынды. Бұдан соң Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның Құрметті журналисі Шаяхмет Құсайынов өз өлеңдерін оқыды. Кездесу соңында «Алатау ардагері» газетіне жазылу мәселесі көтерілді.



**Өз тілшімізден.**
Еңбекшіқазақ ауданы.

БАСПАСӨЗ-2024



## Құрметті Оқырман!

Облыс ардагерлерінің тыныс-тіршілігін, жас ұрпақты отансүйгіштікке, елжандылыққа,имандылық пен ибалыққа тәрбиелеу бағытындағы жүзеге асырған іс-шараларын баспасөз бетінде кеңінен насихаттайтын «Алатау ардагері» атты жаңа газет өмірге жол тартты. Ардагерлердің төл басылымына қолдау көрсетеміз десеңіздер «Алатау ардагері» газетіне жазылыңыз!

**Бір жылға жазылу бағасы - 4915,20 теңге**

**Индексі- 65472**

ЖАҢАЛЫҚТАР ВЕСТИ

## Су ресурстары және ирригация министрі Алматы облысына барды

**Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов Алматы облысында бірқатар жобалардың іске асырылу барысымен және маңызды гидротехникалық құрылыстардың жай-күйімен танысты, деп хабарлайды BAQ.KZ**



Су ресурстары және ирригация министрлігінің мәлімдеуінше, алдымен Ұйғыр ауданындағы жергілікті суару желілерін қалпына келтіру жұмыстарын бақылады.

Министр Алматы облысының бөлінуіне байланысты облыстық әкімдікпен бірлесіп «Қазсушар» РМК «Жетісу» филиалының объектілерін Д.Қонаев атындағы Үлкен Алматы каналының балансына немесе Алматы облысының коммуналдық меншігіне беру туралы тапсырма берді. Сондай-ақ, «Жетісу» филиалының балансындағы Ұйғыр ауданындағы екі апатты су қоймасын реконструкциялау бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірлеуді тапсырды.

Одан әрі Бартоғай су қоймасының негізгі құрылыстарын – автоматты су жіберу, конустық бекітпелер мен ысырмаларды қарап шықты. Бартоғай су қоймасына 1983 жылы пайдалануға берілгеннен бері толық реконструкция жүргізілмеген. Нұржан Нұржігітов нысанның жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуді жеделдетуді тапсырды. ЖСҚ әзірлеу кезінде қазіргі уақытта «Қазгипросушар» институты жүргізіп жатқан көп факторлы зерттеу қорытындыларын ескеру қажет екенін атап өтті.

Министр Үлкен Алматы каналының бас ғимаратына барды. Нұржан Нұржігітов магистральдың тозуына байланысты суды автоматты есепке алу жүйесін енгізе отырып, каналды кезең-кезеңімен реконструкциялауға кірісуді тапсырды. Одан кейін Үлкен Алматы каналының апатты учаскелерін реконструкциялау жоспарымен танысты.

## Еще один пригородный автобусный маршрут запустили в Алматы

**С 26 ноября в пригородной зоне Алматы запустили новый автобусный маршрут, передает Tengrinews.kz со ссылкой на Almaty.tv.**



Маршрут №216 обеспечит транспортную доступность с поселка Даулет до железнодорожного вокзала Алматы-1. По маршруту будут курсировать пять автобусов с плановым интервалом движения 45 минут.

В 2023 году в рамках развития Алматинской агломерации планируется организация 10 новых пригородных маршрутов с охватом порядка 25 населенных пунктов. Ранее были запущены семь маршрутов, остальные два находятся на разработке.

Кроме того, согласно плану развития Алматы и Алматинской агломерации, до конца 2024 года планируется организация 20 новых пригородных маршрутов, за счет которых будет обеспечен охват 50 населенных пунктов.

## Алматы облысында 19 тұрғын үй заңсыз салынған

**АЛМАТЫ, 25 қараша Sputnik. Алматы облысының прокурорлары рұқсаты жоқ көппәтерлі 19 тұрғын үйді анықтады, деп хабарлады облыстық прокуратура.**



«Қонаев қаласы мен Қарасай, Талғар аудандарында 19 көппәтерлі тұрғын үйдің бастапқы материалдары кері қайтарылды, яғни құрылыс басталғанға дейін процесс тоқтатылды. Құрылыс салушылар әкімшілік жауапкершілікке тартылды», - дейді ведомство.

Құрылыс фактілері бойынша облыстың 3 ауданының және Қонаев қаласының 26 құрылыс салушысы 9 млн теңгеден астам айыппұл төледі.

## Гражданина КНР оштрафовали за брошенный окурок в Алматинской области

**Гражданина КНР наказали за брошенный окурок в Алматинской области, передает Tengrinews.kz со ссылкой на ДП региона.**

Во время проведения ОПМ «Правопорядок» сотрудниками ОП Жамбылского района был выявлен гражданин КНР 1999 года рождения, который, покурив сигарету, бросил окурок на землю, тем самым загрязнил место общего пользования.

«По данному факту сотрудниками ОП Жамбылского района в отношении нарушителя был составлен административный материал по части 1 статьи 434-2 КоАП РК за загрязнение мест общественного пользования и наложен административный штраф.

На сегодняшний день основным рычагом профилактики уличных преступлении и правонарушении является своевременное пресечение административных правонарушений, также проявление нулевой терпимости к их совершению», - сообщил начальник ДП Алматинской области Бауржан Аленов.

Ветераны полеводства

**Одна из немногих женщин в Илийском районе, выбравшая эту стезю и отдавшая десятки лет нелегкому труду фермера, - Рысхан Тотыбаева. Родом она из села Коянкус Байсеркенского округа, и именно здесь в советское время начинала трудовую деятельность в полеводстве. В начале рыночных времен, оттока немцев на историческую родину, ей предложили купить у одной семьи переезжающих добротный дом в соседнем селе Ынтымак.**

# *НЕ МОГУ РАССТАТЬСЯ С ЗЕМЛЕЙ, С ХОЗЯЙСТВОМ, С ЖЕЛАНИЕМ ТВОРИТЬ!*



Мы ее застали на фазенде, километров 5-7 от дорожной развязки автобана Алматы – Капшагай, у села Али, в сторону карьера.

Солнце катилось к закату и было еще время осмотреть ее хозяйство. На этом месте, рассказывает Рысхан, был пустырь, но за два десятка лет он основательно застроился. Сегодня тут высится большое, капитальное здание с универсальным применением. Под крышу склада можно и колесный трактор загнать и убранную с полей кукурузу спрятать. А вот под сено у нее отдельное место, так называемый сеновал. По соседству построила небольшую ферму на три-четыре десятка коров, бычков, телят. Есть летний загон для скота и даже бойня для приготовленных для продажи КРС.

Плюс одно маленькое помещение для сортировки семян. Тут стоит пояснить, что одно время Рысхан активно занималась овощеводством, но ныне ее поля засеваются кукурузой, кормовыми травами и бахчевыми культурами.

Говорят, у женщин возраст не спрашивают, но она не стесняется своих лет ( недавно отметила свое 70-ти летие) и вспоминает по случаю ходовую казахскую поговорку: «Оған жеткенде жетпегенде бар... Аллаға рахмет!» Но при этом сетует, что дочь все настойчивей требует оставить фермерство. Рысхан улыбается: «А я вот не могу бросить все это. Столько сюда вложено труда, средств, времени, здоровья! Тяжело расстаться с землей, с желанием на ней работать, можно сказать, творить. Вся жизнь прошла тут»...

Тем временем темнело, с полей пригнали скот и мы возвратились с экскурсии по ее хозяйству к ее дому. Она его построила осознанно здесь, чтобы не терять время на ежедневные поездки из Ынтымака. Это добротный, одноэтажный коттедж с автономным паровым отоплением на угле, ванной и санузлом. Здесь же, в другой половине дома, с отдельным входом, живут ее рабочие. Напротив жилья – летняя кухня и столовая. Еще есть маленький палисадник, засеянный ее любимыми циниями. А под навесом стоит хоть и не молодой, но верный - «железный конь» Тойота Прадо, без которого в поле, в бездорожье, не обойтись.

Откуда у нашей героини такая привязанность к земле? Немудрено. Она с юности работала на полях колхоза «40 лет Казахстана». У хозяйства было 7 отделений и не было ни гектара пустующих земель, только сахарной свеклы засевалось не менее 2 тысяч гектаров, не считая кукурузы, люцерны, пшеницы, ячменя. Добивалась хороших результатов, поэтому руководство колхоза вскоре назначило ее звеньевой комсомольско-молодежного звена.

Девушки работали самоотверженно, с утра до поздней ночи, а выращенные корнеплоды сдавали на Бурундайский сахарный завод.

Была делегатом съезда комсомола в Москве, избиралась депутатом районного совета. Награждалась многочисленными грамотами, ценными подарками, медалями ВДНХ СССР



«За успехи в социалистическом соревновании» поощрялась бесплатной поездкой в составе группы передовиков-комсомольцев сельского хозяйства Алматинской области по Средней Азии. Рысхан ездила на олимпиаду в Москву. Ну и самая большая ее награда – медаль Дружбы народов.

Когда номер готовился в печать: сейчас на полях уже тишина, убраны арбузы, тыква. Укос люцерны, к сожалению, был только один, хотя, говорит Рысхан, могла бы собрать минимум три урожая. Это из-за недостатка поступления поливной воды по каналу от соседнего хозяйства. Но это уже отдельная история, и мы к ней, обязательно, вернемся весной.

**Рамазан ЕЛЕШЕВ,**

**На снимке: фото автора и из архива Р.ТОТЫБАЕВОЙ.**

Гордость педагогического труда

# УЧИТЕЛЬ – ЭТО СУДЬБА

**Ли Наталья Николаевна - учитель от Бога! Хотя отводит себе самую скромную роль, но на самом деле ученики подтверждают её талант педагога, занимая достойные места в олимпиадах. Это самый лучший показатель правильного выбора своей профессии.**



Недавно педагогический труд Ли Натальи Николаевны в КГУ «Средняя школа номер 5 имени Ахмета Жубанова» был удостоен высокой государственной награды - ордена «Барыс" 1-й степени.

Недаром говорится, что хороший учитель - великая удача в судьбе человека. Все, кто имел счастье учиться у Натальи Николаевны, стали целеустремленными, милосердными, успешными гражданами нашей страны. Предлагаем читателям газеты интервью с прекрасным педагогом, воспитавшим множество учеников.

**Корр.: Расскажите о своей семье. Кто повлиял на выбор профессии?**

**Ли Н.Н.:** Родилась в поселке Карабулак Талдыкорганского района Талдыкорганской области. Мои родители: мама Огай Софья Леонидовна - учитель химии и биологии, папа Ли Николай Борисович был инженером автомобильных дорог. Окончила Карабулакскую школу имени Титова. В те далекие годы ученики мечтали быть учителями или врачами. Подробной информации как сейчас о различных профессиях не было. Несмотря на то, что мама была учителем, интерес к предмету больше привила моя учительница химии Шипулина Нина Федоровна.

**Корр.: Считаете ли Вы свою профессию творческой?**

**Ли Н.:** Да, она творческая, несмотря на то, что у меня наука, которую я преподаю, точная. Но тем не менее, профессия, конечно, творческая, потому что она заключается не только в преподавании уроков, но и в большей степени, в воспитании детей, в развитии их. То есть наша профессия очень многогранная, и даже уроки мы все равно не повторяем одни и те же из года в год. Они у нас разные, потому что разные дети, потом меняется время. И все это накладывает на то, что человек все время в поиске, ну и я в том числе.

**Корр.: Назовите свои сильные и слабые стороны?**

**Ли Н.Н.:** На уроках я предпочитаю, чтобы была рабочая обстановка. Люблю порядок. Сильной своей стороной считаю то, что я достаточно трудолюбивый человек. Люблю свою работу, люблю свою школу, своих коллег, детей, которых обучаю. Я действительно живу своей работой. Слабой своей стороной считаю то, что я не настолько творческий человек, как многие мои коллеги. Это вот все-таки от природы, мне кажется. У нас есть очень творческие учителя, удивляюсь, насколько они хороши во всём!

**Корр.: Где началась Ваша трудовая деятельность? Помните свой первый урок?**

**Ли Н.Н.:** Свою учительскую работу начала в Буденовской средней школе. Это поселок, который находится в 9 километрах от поселка Карабулак. Там, где я родилась. В самый первый день учительствования я была очень взволнована, я это хорошо помню. У меня всегда были старшие классы, и тогда я была классным руководителем 9-го «Б» класса. Дети ко мне приезжали в эту школу имени Держинского из соседнего поселка. Одета была соответственно того времени, в одежду классического стиля.

**Корр.: Расскажите о забавных шалостях учеников?**

**Ли Н.Н.:** Когда я была молодым учителем, работала в средней школе в Якутии. Войдя в класс, сразу увидела на учительском столе дохлую мышь, которая аккуратненько лежала на тетрадном листочке в клеточку. Пока я шла от двери к своему рабочему столу, окинув взглядом всех детей, сразу поняла кто положил мышку на стол. Обратилась к Игорю: «Ты решил мне сделать подарок?» Он засмеялся. «Ты ожидал, что я испугаюсь, но не учел того, что я закончила биолого-химический факультет и мы мышей даже препарировали», - объяснила ему. После моих слов и спокойного тона в голосе, забрал свою страшилку и вынес ее из класса.

**Корр.: Вы сентиментальная?**

**Ли Н.Н:** Я могу расчувствоваться, ведь я обычный человек, но это проявляется очень редко, потому что я всё-таки стараюсь контролировать свои чувства. Но когда происходит прощание с моими выпускниками, это, практически, не удается. Всегда глаза «на мокром месте», всегда это трудные минуты. Но уроках, практически, такого не бывает. Это уже, ну не знаю, какая-то ситуация должна быть. А так, конечно, всем чувствам я подвержена так же, как и другие люди: сопереживания, сочувствия и радости. От радости тоже бывают слёзы, когда действительно очень рад за результаты своих коллег, своей школы, своих учеников.

**Корр.: «Кто Ваш кумир женщины? Какой она должна быть?»**

**Ли Н.Н.:** Конкретной женщины-кумира для меня в общем-то нет. У меня есть просто женщины, которыми я восхищаюсь. Допустим в профессии - это одна женщина, как выглядит - другая. Мне хочется, чтобы женщина была красивой, умной, доброй. Могла бы в трудную минуту помочь своим детям.

**Корр.: «Кто поддерживает Вас, Расскажите о родных и близких?»**

**Ли Н.Н.:** Прежде всего поддерживали родители, супруг Кан Анатолий Олегович. Он был выпускником Московского геолого-разведочного института и по направлению работал в Якутии (таким образом я там оказалась) и сын Алексей - системный аналитик. Я выросла в немногодетной семье - я старшая сестра, у меня есть братик Сергей. Мы очень дружные, он тоже здесь живет со своей семьей, у нас очень хорошие взаимоотношения.

**Корр.: «Какое любите время года и цветы?»**

**Ли Н.Н.:** «Любимые цветы - ромашки. Люблю раннюю осень и позднюю весну, когда можно любоваться буйством красок природы».

**Корр.:** «**Что пожелаете коллегам и будущим выпускникам?**»

**Ли Н.Н.:** «Хочу поблагодарить администрацию нашей школы за то, что создают все условия для комфортной атмосферы для учителей и учеников. Она - молодая, мобильная, профессиональная, творческая. Мне очень повезло с моими коллегами, многие из них добросовестно трудятся в родной школе со дня ее основания».

Поздравляем Наталью Николаевну с высокой государственной наградой орденом «Барыс»! Желаем героине и ее дружному коллективу творческого вдохновения, полета мысли, благодарных учеников!

**Спасибо за интервью.**

**Беседовала**
**Жанар ДАУРЕНБЕКОВА.**
г. Конаев.

Табиғат терезесі

# ЖОЛБАРЫС ІЛЕ-БАЛҚАШҚА ҚАЛАЙ ЖЕРСІНДІРІЛМЕК?

**Ертеректе Көкше теңіз атанған Балқаш көлінің қамысты нуында жолбарыс мекені болғаны тарихтан белгілі. Өткен ғасырдың ортасына жетпей құрып біткен түз жыртқышы туралы көрнекті қазақ қаламгері Мұхтар Мағауиннің «Шақан шері» атты көркем шығармасы да оқырман қауымына кеңінен таныс. Міне, осы тарғыл аңның тұқымын қалпына келтіру туралы отандық жобаға халықаралық деңгейде көңіл бөлінуде.**



«Әңгіме Тұран жолбарысы туралы болып отыр. Оның соңғы түрлері өткен ғасырдың 30-шы жылдары өмір сүрді. Содан кейін Ұлы Отан соғысы басталар алдында олар Қазақстан аумағынан жоғалып кетті. Сондықтан қазір біз осы жолбарыстың популяциясын қалпына келтіру жөніндегі халықаралық жобаны дамытып жатырмыз» деген болатын Қазақстан Президенті Қ.-Ж.Тоқаев осыдан біраз уақыт бұрын онлайн-форматта өткен Қазақстан мен Ресей елдері арасындағы XVII өңіраралық ынтымақтастық форумында.

Қазір экологиялық туризмді дамыту төңірегінде үлкен мәселелер қозғалып жатыр. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында ұлттық экономиканы қалыптастыруға өзіндік пәрмен-үлесі бар экотуризм мәселесін дұрыс жолға қою керегін баса айтқан болатын. Экотуризм мәселесі сөз болып жатқан тұста Балқаш көлі жағалауына Тұран жолбарысын жерсіндіріп, келешекте осы жерді туристердің қызығып келетін аймағына айналдыру мәселесі күн тәртібінде тұрғаны анық.

XX ғасырдың басында жер бетінде 100 мыңға тарта жолбарыс болған екен. Қазір 4,5 мыңдайы ғана қалыпты. Жолбарыс бір кездері Таяу Шығыс, Закавказье және Орталық Азия елдерін, Түркиядан солтүстік-батыс Қытайға дейінгі жерлерді мекен етіпті. Жер бетінде осы жыртқыш санының күрт азаюы, көптеген өңірде құрып кетуі Қазақстанды да айналып өткен жоқ. Кезінде жерімізді мекендеген Тұран жолбарысынан тұқым да қалмапты.

Ғалымдар Тұран жолбарысы генетикалық-молекулярлық жағынан Қиыр Шығыстағы Амур жолбарысына өте жақын екенін дәлелдеген соң олардың құрып кеткен популяциясын қайтадан қалпына келтіру мәселесі қазақстандық экологтар тарапынан қолға алынды.

2010 жылы Қазақстан Үкіметі жолбарыс тұқымын Қазақстан табиғатының аясына қайта әкелу жоспарын жариялады. Ал 2017 жылы Қазақстан Үкіметі мен Бүкіләлемдік жабайы табиғат қоры (WWF) арасында жолбарысты табиғатқа қайта әкелу бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі меморандумға қол қойылды. Осы құжаттың негізінде Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 27 маусымдағы қаулысына сәйкес, Алматы облысында «Іле-Балқаш» табиғи резерваты құрылды. Оның аумағы 415 мың шаршы шақырымды құрайды. Жолбарыс санын молайтуда бұл аймақ бекер таңдалған жоқ. 1947-1948 жылдары Қазақстандағы соңғы жолбарыстың көзі осы өңірде жойылды. Мұнда оның кейінге дейін өмір сүріп келуі басқа жерлермен салыстырғанда бұл өңірде жолбарыстың мекендеуіне қолайлы екеніне, табиғи ортаның жақсы сақталғанына байланысты еді. Соның нәтижесінде Іле өзенінің сағасы мен Балқаш көлінің оңтүстік жағасының экожүйесі жолбарыстың тіршілігіне қолайлы деген тұжырым жасалды. Сөйтіп Қазақстан жарты ғасырдан астам уақыт бұрын жойылып кеткен жолбарыстарды Орталық Азияға қайтаратын тұңғыш ел болып отыр.

Жолбарыстардың осы өңірдің табиғатын жерсініп, молаюының бірден бір шарты оның жемтігіне тікелей байланысты екен. Ол жайлаған жерде жемтік мол болуы керек. Оның негізгі қорегі-жабайы шошқа мен бұғылар. Жыл сайын резерват аумағына елудей бұғы әкелінуде. Одан басқа қарақұйрық, жейран бастарын молайту, дала мен жартылай шөлейт экожүйесінде құланды қалпына келтіру жоспарлануда.

Жолбарыстарды жерсіндіру бағдарламасы көзделген мақсатқа қол жеткізумен қатар Оңтүстік Балқаш пен Іле дельтасы табиғатының, экожүйесінің қайта қалпына келуіне, сонымен қатар ауданның, резерватқа таяу елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ететіндігі де айқындалып отыр.

Экологиялық ағартушылықты, жастардың білімін, экологиялық қауіпсіз кәсіпкерлікті дамыту арқылы жергілікті халықты қолдау, жұртты азық-түлікпен қамтамасыз ететін ауыл шаруашылық бағытындағы жобалар-жолбарысты жерсіндіру бағдарламасы аясындағы міндеттердің бір бөлігі ғана.

Жасыратын не бар, ауылдық жерлерде нақты жұмыс орындарының жетіспеушілігінен көптеген отбасының кірісі табиғатқа заңсыз қол сұғып, браконьерлік жасау жолымен келетіні рас. Аталған жоба осы жағдайды өзгертуге де бағытталған. WWF Бүкіләлемдік жабайы табиғат қоры «Экобиожоба» қорымен бірлесіп, төрт жыл бойы жергілікті халықты қолдау жобаларын жүзеге асырып келеді. Жыл сайын шағын гранттар бойынша конкурстар өтеді. Климаттың өзгеруіне қарай және су мөлшерінің азаюына байланысты жергілікті халық егістік алқаптары мен бау-бақшаларында тамшылатып суғару әдісін қолдануда. Оларға егетін материалдар беріледі, ауыл жастарының мерекелері мен басқадай іс-шараларын ұйымдастыруға көмек берілуде. Арнайы курстар ұйымдастырылуда.

WWF алдындағы үлкен миссия-адам мен табиғат арасындағы үйлесімділікті, гармонияны қалыптастыру. Жолбарыстарды жерсін-



діру арқылы осы өңірге әлемнің әр түпкірінен экологиялық туристерді тарту көзделуде. Сонымен қатар, Іле өзені суының басым бөлігін иемденетін Қытайдан қорғап, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге негіз бар. Бағдарламаны орындау барысында Іле өзенінің арнасына ерекше көңіл бөлінеді. Қытай мен Қазақстанның суды қанша алып отырғаны басты назарда болады. Қытаймен Іле суын пайдалануға байланысты келісім-шарт жасағанда «жолбарыс бағдарламасы» басты әңгіменің тақырыбы болмақ.

Осы ауқымы кең шараны жүзеге асыруда жергілікті тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету-бағдарламаның басты міндеті. Жолбарыс өзіне қауіп төнбесе адамға шаппайды. Жолбарыс жүретін аймаққа жақын орналасқан елді мекендердің қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі. Жолбарыс елді мекендерге кірмейтін болады. Үй жануарлары шығын болып жатса, ол Қазақстан Республикасы мен WWF тарапынан қайтарылады. Тағы бір айта кететін дүние, жолбарыс жүрген жерде қасқыр болмайды. Демек, мал шығына азаяды, тіпті болмайды деуге негіз бар.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында «Туризмді әсіресе экотуризмді дамытуға экономиканың маңызды саласы ретінде баса мән беру қажет. Оны дамыту үшін қажетті инфрақұрылым жүргізуді, соның ішінде жол салып, білікті мамандар дайындауды қамтамасыз ету қажет» деп, туризм саласына ерекше назар аударған болатын. Демек, ел экономикасын қалыптастыруда табыс көзін әкелетін осы саланы дамыту өзекті міндеттердің бірі деп қабылдауымыз қажет.

Үндістандағы жолбарыстар халықаралық көмекпен келетін туристер арқылы елге жылына бір миллион доллар пайда әкеледі екен. Қазақстан жолбарысы да елімізге экономикалық тұрғыдан пайдалы болатынына сенім зор.

**Алтынбай СИҚЫМБЕК.**
**«Алатау ардагерінің» тілшісі.**
Балқаш ауданы.

Армандастар, құрдастар

**Іле ауданы, №24 лицейдің 8-сынып оқушысы Герой Ақжол Нұрланұлы ерлік көрсетті. Ақжол мінген 219-автобустың жүргізушісі кенеттен есін жоғалтып, талып қалған екен. Өзінің ғана емес барлық жолаушылардың өміріне қауіп төнгенін түсінген батыл бала дереу іске көшіп, ойланбастан автобус руліне жармасыпты. Сөйтіп, тежеуішті дер кезінде басып үлгеріп, барлық жолаушылардың өміріне төнген қауіпке тосқауыл болған.**



# АҚЖОЛ – БҮГІНГІ КҮННІҢ НАҒЫЗ БАТЫРЫ



Ақжол №24 лицейдің 8-е сыныбында оқиды. Ол дәстүрлі отбасында ата-әже, әке-анасымен, бауырларымен бір шаңырақ астында өсіп келе жатқан, көп балалы отбасынан шыққан үлгілі оқушы. Ақжол әрдайым жасы кішілерге, қыздарға қамқор болып жүретін, ұстаздарға да құрмет пен ілтипат көрсететін тәрбиелі оқушы. Өз ісіне тиянақты, ақкөңіл, алғыр оқушымыздың осындай батыл қадамға барған жанкешті әрекеті әркімді тәнті етері сөзсіз. «Ерлік білекте емес, жүректе» деп қазақ айтпақшы, мұндай шешімге жүрегінде түгі бар адам ғана бара алатыны айтпаса да түсінікті. Иә, Ақжолдың бұл ерлігін батылдық десек те, батырлық десек те жарасады. Ендеше осындай батыр ұлды тәрбиелеп отырған ата-анасы мен ұстаздарына мың алғыс айтсақ артық болмас.

Облыс әкімі Марат Елеусізұлы Сұлтанғазиев Іле ауданының халқымен болған кездесуде Энергетический кентіндегі № 24 мектеп-лицейдің 8 сынып оқушысы Ақжол Герой Нұрланұлын сахна төріне шақырып, жас жеткіншекке көзсіз ерлігі мен батылдығы үшін ризашылық білдіріп , оған Алғыс Хат пен 15 iPhone ұялы телефонын салтанатты түрде тапсырды. Облыс басшысы сонымен қатар ержүрек, отаншсүйгіш ұлды тәрбиелеп өсірген Ақжолдың ата-анасы мен үлкен атасын да Алғыс хатпен марапаттады.

**Б.ШОЙБАСОВ**

**На днях в селе Отеген батыр в областной детской спортивной школе на Ажимуратова прошло большое спортивное событие. На международные соревнования по джиу –джитсу и грэплингу среди детей ККJ KIDS PRO приехало более 200 участников разных возрастов ( от 4 до 14 лет) из Казахстана и Кувейта.**



# СОВМЕСТНЫЙ ТУРНИР КАЗАХСТАНА И КУВЕЙТА

Перед началом турнира выступил председатель областного совета ветеранов, почетный президент спортивного клуба имени генерала Сагадата Нурмагамбетова «Sagadat Batur QTT» Ерболат Турумбетов.

В своей речи он отметил, что именно в массовости и доступности занятий спортом на местах, закладывается фундамент будущих побед молодого поколения на мировых аренах. Тому яркий пример достижения спортивного клуба имени Сагадата Нурмагамбетова, воспитавшего уже несколько чемпионов мира.

От себя добавим, что одной из ярких звезд казахстанского джиу джитсу, является Жибек Кулымбетова, приглашенная почетным гостем на данные соревнования в Отеген батыр. Так вот, Жибек, вдумайтесь, является 8-ми кратной чемпионкой мира по джиу джитсу! Жибек наша землячка, учится в средней школе Ащибулакского сельского округа.

Также тут присутствовали руководитель спортивного клуба «Sagadat Batur QTT», чемпион Азии по грэпплингу, депутат областного маслихата Нурсултан Орынбасаров, специалист отдела культуры и спорта Илийского районного акимата Жанибек Кабдикаримов. Также на турнир ККJ KIDS PRO приехал представитель Кувейта, друг Нурсултана Абдуллах Алдобоус с командой.

Как рассказал по окончанию соревнований Нурсултан Орынбасаров, турнир прошел на высоком организационном уровне, все участники показали хорошие спортивные навыки. Победители получили дипломы и медали. В частности, гости из Кувейта завоевали золотую и серебряную медали ( на снимке). И это, заключил Нурсултан, начало большой программы спортивного сотрудничества двух стран.

**Рамазан ЕЛЕШЕВ.**





Жастарға қолдау

# ЖАСТАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ САЛЫНУДА

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев үнемі жастарға қолдау көрсету мақсатында сантүрлі іс-шараларға басымдық беріп, осы бағытта көптеген жұмыстардың жүзеге асуына көңіл бөліп келеді. Әсіресе, соңғы жылдары жастардың жан-жақты білім алып, олардың еш кедергісіз жұмысқа орналасуларына және кәсіпкерлікпен айналысуларына мемлекет тарапынан әртүрлі бағдарламалар қолға алынып, жүзеге асырылуда.**

Мемлекет тарапынан жастарға көрсетіліп жатқан қолдаулардан біздің ауданның да жастары қалыс қалып жатқан жоқ. Өйткені жыл сайын «Дипломмен ауылға» мемлекеттік бағдарламасы аясында көптеген аудан жастары тұрғын үй алу мақсатында жеңілдетілген иесиеге қол жеткізіп, баспаналы болуда.

Аудан жастарына қолдау көрсету мақсатында аудан орталығынан жастарға қызмет көрсету орталығы ғимаратының құрылыс жұмыстары бастау алды.

Осы аптада аталмыш ғимараттың құрылыс жұмыстарын көзбен көріп қайттық. Біз ат басын бұрған құрылыс нысанында ғимараттың құрылысын бастан аяқ жүргізуді өз жауапкершіліктеріне алған «Азамат құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің прорабы Бекжан Ізбасар құрыш қолды құрылысшылармен нысанның абаттандыру жұмыстары жайында ақылдасып тұр екен.

Ол жерден аңғарғаным, жастарға қызмет көрсету мақсатында салынып жатқан ғимараттың бүгінгі таңда 60 пайызы жасалыныпты. Ғимараттың бетон құю, шатырын жабу жұмыстары толық аяқталса, кірпіш қалау жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр.

Кірпіш қалаудың хас шеберлері атанған құрыш қолды құрылысшылар Жәнібек Хурсандов, Оғабек Бойкелдиев, Уахит Юлдашев және Әбдіжалау мен Еркін атты ағайынды Омаровтарды сол жерден кездестірдім. Олардың алға қойған бар мақсаттары-қолға алған жұмыстарын сапалы әрі дер уақытында аяқтау.

«Азамат құрлыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің прорабы Бекжан Ізбасар 2023-2024 жылдарға арналған ауыспалы құрылыс нысанының іргетасы қаланған күннен бері 22 адам жұмыспен қамтамасыз етіліп, барлық құрылысшылар өздерінің істеген жұмыстарына қарай тиесілі жалақысын алғанын әңгіме барысында тілге тиек етті.







Ал 2023 жылға жоспарланған құрылыс жұмыстары аяқталса, ғимараттың есік-терезелерін орнату және сылау, тағы басқа да жұмыстар келесі жылы өз жалғасын табатын болды.

Сәні мен сәулеті жарасқан құрылыс нысанының ауласында келешекте жастардың спортпен шұғылдануларына спорт алаңдары жасалынады. Бұл жастардың салауатты өмірге бет бұруларына және аудандық Жастар ресурстық орталығының аудан жастар арасында сантүрлі спорттық жарыстарды өткізулеріне қолайлы жағдай жасалынғанын айшықтап тұрады десек те болады.

Кез келген мемлекет өзінің келешегін өскелең ұрпағымен байланыстырады. Өйткені еліміздің қарыштап дамуы мен гүлденуіне жастардың қосатын үлесі де ауыз толтырып айтар-лықтай.

Ендеше ертеңгі елдің болашағы - аудан жастары үшін салынып жатқан ғимараттың құрылыс жұмыстары сапалы болуына тілектес болайық, ағайын дегім келеді!

**Бақтығали ДӘУІТБАЕВ.**
Балқаш ауданы.

АЛАТАУ Ардагері
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық «Ардагер ұйымы» филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:
Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310

ТІЛШІЛЕР:
Алтынбай Сиқымбек
Тел.: 8 705 965 3661

Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады

*Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.*

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.

Газет «Алматы-Боашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі , 23-В.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.

«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 4000,
Тапсырыс №1966
Индексі – 65472.